



Бұйрық

№ 16

Приказ

2025 жылғы «05» қаңтар

«05» января 2025 года

Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 26 тамыздағы № 2-093/3156-И хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педогог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын және Ақтөбе қаласының әкімдігі, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ –нің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 68,69 бұйрығы негізінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын -алу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде МКҚК №20 «Дидар» балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын:
 1. Муханбеткалиева Бибигуль Кыдыралиевна -зейнет жасындағы педагог - кеңес төрағасы
 2. Бөлекбай Айнұр Оразбайқызы - «Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ» қоғамдық бірлестігінің бас маманы - мүшесі
 3. Миндалина Гульнара Урыналиевна – Ақтөбе қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет бөлімі меңгерушісі - мүшесі
 4. Крыжановская Елена Анатольевна -тәрбиеші -мүшесі
 5. Мукатова Жанилсин Беспаетна – тәрбиеші -мүшесі
 6. Аликулов Сатай Жаксылыкович- Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы - адвокат
 7. Утаров Бақытбек Серикович- Өрлеу БАИ -бөлім бастығы
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы лауазымына Атағалиева Нургайша Жумабергеновна тағайындалып, кеңестің іс- қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі



Туребаева Д.Т



Бекітемін:

№20 «Дидар» балабақшасы

МКҚК менеджері Туребаева Д.Т.

2024-2025 оқу жылының педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1.Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру 2.Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері 3.Педагогтердің өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау	Қыркүйек 2024	Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Әдеп бұзушылыққа қатысты анықталған жағдайлар мен оларды талдау 2. Әдеп бұзушылықтарды болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу 3. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдепті сақтау	Қаңтар 2025	Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы . Күн тәртібінде 1. Семинар-тренинг: “Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі” 2.Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту әдістері 3. Педагогтердің әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу	Сәуір 2025	Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері

№20 «Дидар» балабақшасының педагогикалық

әдеп жөніндегі кеңес отырысының

хаттамасы №1

Тақырыбы: Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары

Өткізу күні: 2024 ж. 19 қыркүйек

Өткізілген орны: МКҚК №20 «Дидар» балабақшасы

Қатысқандар: барлық педагогтер

Күнтәртібі:

1. Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.
2. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.
3. Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Туребаева Д.Т тыңдалды. Меңгеруші педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әр бір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды. Барлық қызметкерлердің педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес әрекететуін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Әр педагог өз әрекеті үшін жауапты екенін түсінуі қажет. Тәртіпті сақтау және бір-бірімен өз ара сыйластық қарым-қатынасты нығайту басты міндеттердің бірі.

Екінші мәселе бойынша: Балабақша әдіскері Жанзакова Ж.Х сөз алды. Әдіскер педагогикалық әдептің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтарымен сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналар мен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша тәрбиешісі Мирзагалиева Г.А сөз сөледі: Тәрбиеші педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. Әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян

Шешімі:

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен таныстырылсын.
2. Тәрбиешілер арасында өз ара құрметпен әдептілік мәдениетін нығайту шараларын енгізілсін.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ай сайын бақылау жүргізілісін.

СЫМЫ:

Муханбеткалиева Б.К.

Хатшы:

Атагалиева Н.Ж.

**№20 «Дидар» балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
отырысының хаттамасы №2**

Тақырыбы: Педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу

Өткізу күні: 2025 ж. 31 қаңтар

Өткізілген орны: МКҚК №20 «Дидар» балабақшасы

Қатысқандар: педагогтер

Күн тәртібі:

1. Әдеп бұзушылыққа қатысты анықталған жағдайлар және оларды талдау.
2. Әдеп бұзушылықтарды болдырмау бойынша профилактикалық жұмыстар.
3. Ата-аналармен қарым-қатына барысында педагогикалық әдепті сақтау.

Бірінші мәселе бойынша: Меңгеруші педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың мекеменің ішкі беделіне және балалардың психологиялық жағдайына әсер ететінін айтты. Бұзушылықтардың негізгі себептері ретінде қызметкерлердің эмоциялық жүктемесі, кәсіби этика талаптарын түсінбеуі және өз міндеттеріне салғырт қарауы аталды.

Педагогтардың балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдепті сақтау қажеттілігі туралы айтылды. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр бір тәрбиеші олармен жылы шырайлы, сабырлы және түсіністікпен қарым-қатынас жасауы тиіс. Ата-аналармен қарым-қатынаста да әдептілік пен кәсібилікті сақтау маңызды.

Екінші мәселе бойынша: Әдіскер педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу шараларын ұсынды. Бұл шараларға ішкі тәртіпті қатаң сақтау, қызметкерлермен әдептілік жөнінде жиі әңгімелесу, стрессті басқару бойынша тренингтер өткізу кіретіні айтылды. Сонымен қатар, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы аталды.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша психологы Атағалиева Н.Ж-Тәрбиеші қызметкерлер арасында әдептілік мәдениетін нығайтуға арналған ұсыныстарын білдірді. Тәрбиешілердің өз ара қарым-қатынасында түсіністікпен сыйластықты қалыптастыру үшін топтық жұмыстармен тренингтер ұйымдастыру ұсынылды.

Шешімі:

1. Қызметкерлер арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау туралы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Әдепті бұзушылықтардың алдын алу үшін әр қызметкердің мінез-құлқымен әрекетіне мониторинг жасалсын.

3. Стрессті басқару және конфликтілерді шешу бойынша тренингтер ұйымдастырылсын.
4. Қызметкерлерге әдеп нормаларын сақтау бойынша нұсқаулықтарды жазбаша түрде таратылсын.

Кеңес төрайымы:



Муханбеткалиева Б.К.

Хатшы:

Атағалиева Н.Ж.

**№20 «Дидар» балабақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
отырысының хаттамасы №3**

Тақырыбы:Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинар-тренинг өткізу

Өткізу күні: 2025 ж. 30 Сәуір

Өткізілген орны: МКҚК №20 «Дидар» балабақшасы

Қатысқандар:педагогтер

Күн тәртібі:

1. Семинар-тренинг: "Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі".
2. Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту әдістері.
3. Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеу үшін мотивациялық шараларды енгізу.

Бірінші мәселе бойынша:Меңгеруші педагогикалық әдеп нормаларының маңыздылығын түсіндірді. Әдеп нормалары педагогтардың балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Мекемедегі жалпы тәртіппен мәдениеттің жоғары деңгейде болуы әдеп нормаларын қатаң сақтауға байланысты.

Екінші мәселе бойынша:

Семинар-тренинг: "Педагогикалық әдеп және қарым-қатынас мәдениеті"

Тренинг барысында педагогикалық әдептің негізгі ережелері таныстырылды. Қатысушылар рөлдік ойындар мен ситуациялық тапсырмалар арқылы түрлі жағдайларда әдептілік таныту жолдарын талдады. Әсіресе, балалардың көңіл-күйін түсірмеу, ата-аналармен конструктивті диалог жүргізу, әріптестер мен сыйластық қарым-қатынас орнату әдістеріне баса назар аударылды.

Тренингтің бөлімдері:

1. Әдептің негізгі қағидалары (теориялық бөлім).
2. Ситуациялық тапсырмалар және олардың шешу жолдары.

Қатысушылардың кері байланысы мен қорытындылау. Тренингке қатысушылардың кері байланысы тыңдалды. Қызметкерлер тренингтің пайдалы болғанын және кәсіби қарым-қатынастағы өз кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік бергенін айтты. Тренингтің ұжымдық рухын ығайтуға оң әсер еткені атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша: Қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау жауапкершілігін арттыру үшін мотивациялық жұмыстар жүргізу ұсынылды. Әдеп нормаларын сақтаған қызметкерлерді марапаттау және үлгі ретінде

көрсету әдісі талқыланды. Әдеп бұзушылықтарды болдырмау үшін ұсынылған шаралар:

- Өріптестер арасындағы өзара сыйластық мәдениетін нығайту.
- Қызметкерлерге эмоциялық тұрақтылықты сақтау әдістерін үйрету.
- Конфликтілерді болдырмау және шешу бойынша арнайы тренингтер өткізу.
- Қызметкерлердің жұмыс жүктемесін әділ бөлу.

Шешімі:

1. Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинар-тренингтерді тұрақты түрде тоқсан сайын өткізілсін.
2. Тәрбиешілердің әдептілік деңгейін арттыру үшін жаңа әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілсін.
3. Балалар мен және ата-аналармен қарым-қатынас кезінде туындаған қиындықтарды талқылау үшін арнайы кездесу ұйымдастырылсын.
4. Қызметкерлерге кәсіби әдепті сақтау қажеттілігі туралы жадынамалар таратылсын.

Кеңес төрайымы:

Муханбеткалиева Б.К.

Хатшы:

Атагалиева Н.Ж.